

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025
		13.02.2025 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 1-15

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
«ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕСІ

Алматы
 2025 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025
		13.02.2025 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 2-15


АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі бөлімі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «13» ақпан 2025 жылы № хаттама №7 баспа
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** 28.08.2020ж. № 1 баспаның орнына
- 4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025
		13.02.2025 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 3-15

МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы.....	4
2. Нормативтік сілтемелер.....	4
3. Жауапкершілік және өкілеттілік.....	4
4. Жалпы ережелерілік.....	4
5. Анықтамалар.....	5
6. Академиялық адалдық қағидаттары.....	6
7. Академиялық адалдықтың мақсаты мен міндеттері.....	6
8. Академиялық адалдықты бұзу түрлері.....	6
9. Академиялық адалдық саясатын бұзушылыққа қарсы қолданылатын жазалар мен тәртіп шаралары.....	8
10. Академиялық адалдық саясатын бұзушылықтың алдын алу шаралары.....	9
11. Дәйексөздерге сілтеме жасау ережелері.....	10
12. Қорытынды ережелер.....	12
13. Өзгерістер.....	12
14. Келісу, сақтау және тарату.....	13
15. Келісу парағы.....	14
16. Танысу парағы.....	15

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025 13.02.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 4-15



«Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілді
«13» ақпан 2025 жыл №7 хаттама

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕСІ

1. Қолдану саласы

1. Академиялық адалдық ережесі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық құжаттарының және академияның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын ескере отырып әзірленді. Академиялық адалдық ережесін ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ барлық білім алушылары орындауға міндетті болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
2. Отбасы туралы ҚР Кодексі;
3. ҚР «Білім туралы» Заңы;
4. «Қазақстан Республикасында бала құқықтары туралы» ҚР Заңы;
5. «ҚР Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы;
6. «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Жарғысы;

3. Жауапкершілік және өкілеттілік

- 3.1. Білім алушыларды Академиялық адалдық ережесімен таныстыру жұмыстарымен академия факультеттерінің деканаттары, әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі бөлім басшысы жауапты.

4. Жалпы ережелер

- 4.1. «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» Академиялық адалдық Кодексі (әрі қарай – Кодекс) ҚР «Білім туралы Заңына» негізделіп отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ережелеріне, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025 13.02.2025 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 5-15

академиясының оқытушы-профессорлар құрамының және қызметкерлерінің Әдеп кодексіне, аталмыш оқу орнының студенттері мен магистранттарының Әдеп кодексіне және академия қызметін реттеуге арналған басқа да құқықтық нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген.

4.2 Аталмыш Кодекс академияның оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлері және білім алушылары арасында академиялық адалдық саясатын қалыптастырудың және оны жүзеге асырудың негізгі түсініктері мен форматын айқындайды.

4.3 Кодекс Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының академиялық адалдықты ұйымдастыру мен жүзеге асыруға, сондай-ақ академиялық адалдықты бұзушылықтың алдын алу шараларын реттеуге, басқаруға негіз болады. Мұндағы ережелерде академиялық адалдық саясатын жүзеге асыру мен академиялық адалдықты бұзушылықтың алдын алудың негізгі іс-шаралары қамтылған.

4.4 Кодекс талаптарын мүлтіксіз сақтау академияның барлық оқытушы-профессорлар құрамына, басқа да қызметкерлері мен білім алушыларына міндеттеледі.


5. Анықтамалар

5.1. **Академиялық адалдық** — бұл білім алу үдерісінде білім алушылардың жеке адамгершілік қасиеттері, оның ішінде адалдығы мен білім алудағы жауапкершіліктерін дамытуға бағытталған құндылықтар мен қағидалар жиынтығы.

5.2. Бағаланатын жұмыстарға жатады:

- студенттердің білімін қалыптастыруға бағытталған, білімгерлерді ағымдық бақылау және белгілі бір оқыту кезеңіндегі оқу жетістіктерін бағалау үшін студенттер орындауға тиісті жұмыстар мен тапсырмалар (ауызша тапсырмалар, жазбаша жұмыстар, эссе, далалық жұмыстар, зертханалық жұмыстар, практикалық жұмыстар, өзіндік жұмыстар, ғылымизерттеу жұмыстары, жобалар және т.б.);
- студенттердің белгілі бір оқу мерзімінде (тоқсан, семестр, жартыжылдық және жылдық) қол жеткізген жетістіктерін, білімін бақылау, жинақтау және қорытынды бағалау мақсатында ұсынылатын студенттер орындауға тиісті жұмыстар (бақылау жұмыстары, жазба жұмыстары, тест тапсырмалары, сынақтар, ғылыми жұмыстар, жобалар және т.б.).

5.3. Баға қойылмайтын жұмыстарға оқытушылар тарапынан бағалауға жатпайтын студенттердің білімін жетілдіру, шығармашылығын дамыту мақсатында орындалатын жұмыстар жатады (ғылыми мақалалар, қосымша жобалар, презентациялар, бейне- және аудиоматериалдар даярлау, қол еңбегі және т.б. тапсырмалар мен жұмыстар).



6. Академиялық адалдық қағидаттары

6.1. Білім беру үдерісінде студенттердің академиялық адалдығының негізгі қағидаттарына төмендегідей қасиеттер жатады:

- Адалдық — студенттердің өздеріне берілген бағаланатын және баға қойылмайтын тапсырмаларды адал, әрі мұқият орындауы;
- Авторлардың және олардың мирасқорларының құқықтарының қорғалуын жүзеге асыру — авторлық құқықпен қорғалатын нысандардың авторлық құқықтарының мойындалуы және шығармаларының қорғалуы; біреуге тиесілі ғылыми ойлар, болжамдар мен тұжырымдарды ақпарат көздер не сілтеме жасау арқылы қолдану;
- Ашықтық — білім беру үдерісінде оқытушылар мен білім алушылар арасындағы айқындық, өзара сенім, ақпаратпен және идеялармен алмасу;
- Білім алушылардың құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеу — білім алушылардың пікір білдіруі мен ой еркіндігінің сақталуы;
- Теңдік — білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарын өзара құрметтеу, білім беру үдерісіне қатысушылардың осы Ережені сақтауы және оны бұзғаны үшін тең дәрежеде жауапкершілікке тартылуы.


7. Академиялық адалдықтың мақсаты мен міндеттері

7.1. Академиялық адалдықтың саяси мақсаты — Қазақстандағы жоғары білім беру сапасын әлемдік стандарттарға сай жетілдіру, оның бәсекеге қабілеттілігі мен қажеттілігін арттыру. Оқытушылар мен білім алушылар арасында алаяқтық әрекеттердің өріс алуы (көшіріп алу, плагиат) білікті маман даярлауға, қажетті білім мен дағдыны қалыптастыруға кедергі келтіреді және білім сапасын төмендетеді.

7.2. Академиялық адалдық саясатын енгізу міндеттеріне мыналар жатады:

- студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамы (ОПҚ) арасында академиялық алаяқтық фактілерінің алдын алу және оларды жою;
- студенттер мен ОПҚ арасында плагиатқа төзбеу, плагиаризмге қарсы күресу қасиеттерін қалыптастыру;
- студенттер арасында академиялық адалдықты дамыту мақсатында үздіксіз жұмыстар жүргізу;
- жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламаларын жүзеге асыру.

8. Академиялық адалдықты бұзу түрлері

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025
		13.02.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 7-15

8.1. **Академиялық алдау (алаяқтық)** — ғылыми және білім беру қызметін жүзеге асыру барысында орындалатын кез-келген алдау, арбау және бұрмалау әрекеттері.

8.2. Аталмыш Кодексте академиялық адалдықты бұзушылыққа келесі әрекеттер жатады:

8.3 **Көшіру.** Білім алушылардың аудиториялық бақылау жұмыстарын орындау кезінде (емтихан және міндетті аттестациялық шаралар кезінде) тыйым салынған кез-келген жазбаша материалдарды (басылған, қолжазба), ғылыми деректерді, сонымен қатар рұқсат берілмеген техникалық құрылғыларды заңсыз пайдалану және тарату, бағаланатын жұмыстың кезкелген жауабын заңсыз жолмен иемдену, рұқсат етілмеген жасырын бейне немесе аудиожазбаны пайдалану.

8.4 **Плагиат** — басқа адамның немесе ғылыми ұжымның ғылыми еңбегін өз еңбегі ретінде ұсыну, сондай-ақ біреудің еңбегін авторлық анықтамалар мен дереккөздерге сілтеме жасамай толықтай немесе жартылай көшіріп, өз атынан жариялау.

8.5 **Екі қайтара тапсыру.** Екі қайтара тапсыруға аралық бақылау кезінде немесе басқа да бақылау жұмыстарды және СӨЖ (студенттердің өзіндік жұмысын) орындау барысында бір жазба жұмысының мәтінін студенттердің екі мәрте көшіріп, екі түрлі жұмыстың жауабы ретінде тапсыруы жатады. Оқытушы тарапынан бір ауқымды мәтінді екі бөліп тапсыруға рұқсат етілген жағдайда, ол екі қайтара тапсырылмайды.

8.6 **Келісіп алу, құпия келісім** — екі немесе одан да көп адамдардың өзгелезді алдау мақсатында құпия келісімге келуі.


8.7 **Бағаны бұрмалау.** Бағаның бұрмалануына мыналар жатады:

- бағаны, қорытынды бағаларды бұрмалау, өзгерту;
- мәліметтерді бұрмалау — ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында қолданылған сауалнама, сұхбат және басқа да әдістердің өлшемдері мен нәтижелерін бұрмалау;
- бөгде тұлғаның орнына қол қою, анықтамаларды қолдан жасау, мәліметтерді бұрмалау, басқа да есеп қорытындылары мен құжаттарды өзгерту.

8.8 **Жұмысты көшіру** — бір жұмысты екі рет бағалауға ұсыну.

8.9 **Жауаптарды көшіру.** Адал бағаланбайтын жұмыстарға мыналар жатады:

- бағаланатын жұмысты немесе тест тапсырмаларын орындау барысында дайын жауаптарды пайдалану;
- басқа студенттердің, педагог қызметкерлердің немесе басқа да бөгде тұлғалардың көмегімен емтихан сұрақтары мен тест тапсырмаларының дайын жауаптарына қол жеткізу;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025 13.02.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 8-15

- бағаланатын жұмыстың дайын жауаптарын сатып алу немесе басқа да жолдармен қолға түсіріп, өз жауабы ретінде пайдалану;
- бағаланатын жұмыстардың немесе емтихан сұрақтары мен тест тапсырмаларының дайын жауаптарын сатушыларға және сатып алушыларға қандай да бір көмек көрсету;
- бағаланатын жұмыстың дайын жауаптарын кез-келген жолмен иемдену, соның ішінде электронды пошта, компьютер арқылы қол жеткізу;
- оқытушының материалдарын жасырын жолмен кабинеттен шығару, қағазға шығарылған нұсқасын көшіру немесе басқа да электронды тасымалдау құралдары арқылы көшіру, жүктеп алу. Академиялық адалдықты бұзушылық әрекеттердің қатары мұнымен шектелмейді, қажет болған жағдайда толықтырылып отырады. Білім алушылардың артық бағалануына және басқа білім алушылардың әділетсіз бағалануына ықпал ететін кез-келген әрекет академиялық адалдықты бұзушылыққа жатады.

9. Академиялық адалдық саясатын бұзушылыққа қарсы қолданылатын жазалар мен тәртіп шаралары

9.1. Кез-келген білімді бақылау формалары мен түрлерін жүзеге асыру барысында, оның ішінде аралық аттестаттау, ағымдық бақылау және мемлекеттік қорытынды аттестаттау кезінде білім алушылар академиялық адалдық нормаларын бұзған жағдайда Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ілкі Ережелеріне сәйкес келесі шаралар қолданылады:

- ескерту беру; - сөгіс, қатаң сөгіс жариялау;
- оқудан шығару.

9.2. Кез-келген академиялық нормаларды бұзушылық орын алған жағдайда оқытушы келесі шараларды іске асыруға міндетті:

- бағаланушы білімгерге «қанағаттанарлықсыз»/«F» (0) бағасын қою;
- келесі жұмыс күніне дейін оқытушы академиялық адалдық нормаларының бұзылғандығы және орын алған бұзушылық сипаты туралы оқиғаға қатысушы тұлғаларды көрсете отырып және сол оқиғаға қатысты қандай тәртіпке шақыру, жазалау шараларының қолданылғандығы жайында институт директорының атына (оқу бөлімшесінің жетекшісіне) мәлімдеме жазуға міндетті. Мәлімдемеге білімгерлердің ереже бұзғандығын дәлелдейтін дәйектер, жұмыстарының көшірмесі немесе үзіндісі айғақтау материалы ретінде тіркеледі. Білім алушылар жұмысының түпнұсқасы аталмыш пәнге жауапты кафедрада (тіркеу офисінде) оқу мерзімі аяқталғанға дейін сақталуы тиіс;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025 13.02.2025 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 9-15

- білім алушылар материалды бір-бірінен көшірген жағдайда, өз мәтінін саналы түрде көшіруге рұқсат берген білімгерге де оқытушы «қанағаттанарлықсыз»/«F» (0) бағасын қоюға құқылы;

- жалған құжат жасау немесе мәліметтерді бұрмалау орын алған жағдайда, егер академия Ректоры басқа шешім шығармаса, жалған құжат жасауға және мәліметтерді бұрмалауға қатысты барлық білімгерлерге жаза қолданылады;

- жалған құжат жасалған немесе оқытушының мәліметтері бұрмаланған жағдайда оқытушылар, білімгерлер немесе басқа да тұлғалар арасынан екі куәгер шақырылып, ереже бұзушылық фактісіне қатысты акт жасалуы шарт, қажет болған жағдайда актіге дәлелдеме ретінде фото, бейнематериалдар тіркеледі және білімгерлерден жасанды құжаттар мен жасанды мәліметтер тәркіленіп, ол жөнінде хабарланады.

9.3. Білім алушы емтихан тапсыру кезінде жазбаша (баспа, қолжазба) дереккөздерден көшірген және әр түрлі техникалық байланыс құралдарын (ұялы телефон, электронды сағаттар, сымсыз құрылғылар) пайдаланған жағдайда оқудан шығарылады.

10. Академиялық адалдық саясатын бұзушылықтың алдын алу шаралары

10.1. Білім алушылардың көшіруіне жол бермеу мақсатында емтиханның өту үдерісін мұқият бақылау қажет. Оқытушылардың аталмыш шараға мән бермеуі білім алушылардың тәртіп бұзуына және оқу сапасының төмендеуіне әсерін тигізеді.

10.2. Емтихан, курстық және диплом жұмыстарын және рефераттарды плагиатқа қарсы тексеру шараларын білімгерлердің өздерінің орындауы (бөгде ғалымдардың ой-тұжырымдарын олардың еңбектеріне сілтеме жасамай пайдалану) — академиялық адалдық саясатын бұзушылықтың айқын көрінісі.


10.3. Жұмыстың түпнұсқа немесе кәшірме екендігін автоматты түрде тексеру қызметін енгізу. Барлық аяқталған ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік түпнұсқа жұмыстардың мәтіндерін арнайы turnitin.com, «АнтиплагиатЖОО» бағдарламалары арқылы бірегейлікке тексеру.

10.4. Білім алушыларды академиялық адалдыққа тәрибелеу бойынша мақсатты түрде үздіксіз жұмыстар жүргізу:

- білім алушыларды ғылыми сипаттағы зерттеу жұмыстарымен айналысуға баулу;

- білім алушылардың бойында ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар ғылыми жұмыстарды орындау барысында академиялық адалдық пен ғылыми этикетті сақтауға үйрету, плагиаризм туралы түсініктезін қалыптастыру.

10.5. Білім алушылар мен ПОҚ арасында плагиатқа төзбеу және оған қарсы күресу қасиеттерін қалыптастыру.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025
		13.02.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 10-15

10.6. Білім алушыларды жемқорлыққа қарсы күресуге тәрибелеу, жоғары баға алу және өзге білім алушылардың алды болу мақсатында оқытушыларға, әкімшілікке пара ұсынбауға үйрету.

11. Дәйексөздерге сілтеме жасау ережелері

11.1 Дәйексөз деп келесілер аталады:

- автор мәтінінің үзіндісін алу;
- формулалар, ережелер, суреттер, кестелер және басқа элементтерді авторын көрсете отырып пайдалану;
- мәтін үзіндісін сөзбе-сөз емес, аударылған, өз сөзімен жеткізу мақсатында түрленген немесе өзгертілген түрде пайдалану;
- жұмыс мәтініндегі басқа жарияланымдардың мазмұнына талдау жасау.

11.2. Үзінді келтірудің негізгі ережесі – белгілі бір дереккөзге сілтеме жасау. Сілтеме жасалмаған жағдайда «плагиат» деп саналады.

11.3 Сілтемені дұрыс рәсімдеу үшін қажетті тұжырымдар:

- мәтінді сөзбе-сөз пайдалану кезінде тырнақша қоюды ұмытпау керек (керісінше жағдайда деректерді мұндай түрде қолдану плагиатқа айналады);
- дәйексөз мәтіні толық болуы керек (мәтінді өздігінен қысқартуға болмайды);
- авторға сілтеме жасаған кезде оның тегін және аты-жөнін толық көрсету керек;
- азат жолды дәйексөзден, автордың аты-жөнінен бастауға болмайды;
- жұмыстағы барлық сілтемелер бірыңғай стильде рәсімделуі қажет.


11.4. Ғылыми еңбектерде дәйексөздердің парафраз (өзге біреудің пікірін өз сөзіңмен ашып жазу) деген түрі кең таралған. Парафраз ұғымы дәйексөздерді өз сөзіңмен қайта баяндап беру дегенді білдіреді. Бұл жағдайда авторға сілтеме жасау қажет, сондай-ақ қайта түрлендіріп жазу кезінде мәтін мағынасын сақтап жазу керек. Парафраз келесі жағдайларда орынды деп танылады:

- бірнеше дерек көздеріне сілтеме жасау кезінде жалпыланған ақпарат беру;
- көлемді теориялық тұжырымдаманың қысқаша мазмұнын беру;
- тікелей сілтеме жасауға жатпайтын көлемді дәйексөздер келтіру.

11.5. Дәйексөздерді өзгертуге тек ерекше жағдайларда ғана рұқсат етіледі. Тәртіп бойынша рұқсат етілмеген, бірақ дәйексөздерге өзгерістер енгізуге болатын жағдайлар кездесуі мүмкін.

Олар:

- қысқартылған сөздерді толық ашып жазу кезінде (мұндай жағдайда сөздің толықтырылған бөлігін тік жақшаға алып жазу керек);
- дәйексөздегі сөздердің септік жалғаулары өзгерген жағдайда (егер дәйексөз оған кіретін сөйлемнің синтаксистік құрылымына бағынса, өзгертуге жол беріледі);
- 1918 жылғы орыс орфографиялық реформасына дейін жарияланған еңбектерге сілтеме жасаған кезде;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025
		13.02.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 11-15

- құжат мәтініндегі қателерді белгілеу кезінде (қателер түзетілмейді, бірақ дұрыс жазылған сөз тік жақшаға немесе сұрақ белгісі (?) жақшаға алынып жазылады).

11.6. Ерекше жағдайларда қолданылатын мәтіндерге сілтеме жасаудың арнайы нұсқалары бар. Мұндай нұсқаларға қосалқы көздерден алынған дәйексөздерге, шетелдік авторлар мен терминдерге, заңнама актілеріне сілтемелер жасауды жатқызуға болады.

11.7. Екінші дереккөздерден дәйексөздер келтіру зерттеу жұмысының тақырыбымен және өзекті мәселелерімен танысқан кезде, сондай-ақ жұмыстың тұжырымдамалық аппаратын анықтаған кезде ғана мүмкін болады. Осылайша пайдаланылатын барлық дәйексөздер бастапқы дереккөздерге сәйкес мұқият тексерілуі қажет. Сондай-ақ, екінші дереккөзде ешқандай қателіктер жіберілмегеніне сенімді болуыңыз керек. Екінші дереккөзден дәйексөз алуға болатын жағдайлар.


Олар:

- алғашқы дереккөз жоғалған немесе қолжетімді болмағанда (мысалы, жабық мұрағаттарда немесе кітапханаларда);
- алғашқы дереккөз аударуға қиын тілде жазылған жағдайда;
- дәйексөз мәтінінің авторы және оның сөздері басқа тұлғалардың естеліктері арқылы белгілі болған жағдайда;
- дәйексөз автордың ой-тұжырымдарын суреттеу мен сөздерін айғақтау үшін берілген жағдайда.

11.8. Шетелдік авторлардың аты-жөндеріне, сондай-ақ шетелдік дереккөздерге сілтеме жасаған кезде бастапқы мәтін түпнұсқа тілінде емес, ғылыми жұмыс тілінде (мысалы, орыс тілінде) беріледі. Егер аударманың дұрыс жасалғанына күмән келтірілсе, парафразды қолдануға болады. Автор орыс ғылымында ең танымал болмаса, оның түпнұсқадағы аты-жөнін жақшаға қосымша жазу қажет.

11.9. Өзін-өзі дәйексөздеу – ресейлік ғылыми еңбектерде жиі кездесетін тәжірибе. Автордың бұрын жарияланған зерттеулері дереккөз бола алады. Дәйексөздің бұл түрі ақпараттың қайталануының және өзін-өзі плагиат етудің алдын алады, сонымен қатар қызығушылық танытқан оқырманды алдыңғы және онымен байланысты жұмыстарға бағыттауға көмектеседі. Меншікті дәйексөздер барлық сілтемелер ережелеріне сәйкес жасалуы қажет. Өз жұмысыңыздан дәйексөз келтіру орынды және негізді, ғылыми жұмысты толықтырып тұруға және оның міндеттерін орындауға өз пайдасын тигізуі қажет екенін ұмытпау керек.

11.10. Заңнамалық актілерден келтірілген дәйексөздер барлық заңнамалық актілер жалпыға қолжетімді ақпарат болғандықтан катал түрде бастапқы дереккөздерге сәйкес жүргізілуі керек. Екінші дереккөздерден дәйексөздер келтіру орынсыз және толығымен негізсіз болып саналады. Заңның қолданыстағы нұсқасының өз күшіне енгеніне көз жеткізу керек.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025
		13.02.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 12-15

11.11. Дәйексөздердің нақтылығы мен айқындылығына қарамастан, ғылыми мақалалардың авторлары жиі қателіктер жібереді. Олар:

- пайдаланылған әдебиеттер тізімінде сілтемелердің болмауы;
- тиісті ғылыми біліктілігі жоқ танымал басылымдарға немесе авторларға сілтемелердің берілуі (авторлардың біліктілігі жұмыс стиліне, автор мен жарияланымның өзіне негізделген мәліметтерге сәйкес тексерілуі керек; егер автордың біліктілігіне қатысты күмән туындаса, оған сілтеме жасамау керек);
- графикалық материалдарды орналастыру кезінде сілтемелердің болмауы (графикалық материалдарды (мысалы, сызбалар, диаграммалар, суреттер), сондай-ақ кестелерді пайдаланған кезде ақпарат дереккөзіне сілтеме жасау қажет; дереккөзге сілтеме жасалмаған ақпараттарды пайдалану авторлық құқықты бұзу болып табылады);
- дәйексөздердегі мәтіндерді кезек бойынша сөзбе-сөз қайта көшіріп жазу (баяндаудың жанды табиғатын сақтау үшін дәйексөздерді әр түрлі формада ақылға қонымды шекте пайдаланған дұрыс, мысалы, парафраз қолдануға болады);
- дәйексөздерді қайта қолдану ережелерін бұзу (авторлар көбінесе ақпаратты екінші дереккөздің авторына тиесілі екеніне қарамай, оны бастапқы дереккөзден тапқандай сілтеме келтіріп жазуы);
- шетелдік авторларға сілтеме жасау кезіндегі қателерге автордың тегінің дұрыс аударылмауы, аты-жөнінің түпнұсқаларының дұрыс жазылмауы, дереккөзді жеке пайдалану кезіндегі парафразада кеткен қателер жатады (әдебиеттер тізімінде дәйексөздердің дереккөздерінің атаулары түпнұсқа тілінде берілуі керек екенін ұмытпаған жөн);
- авторлығы расталмаған дәйексөздерді, сондай-ақ жалған немесе қате мәлімдемелерді пайдалану;
- ақпарат көзінің тырнақшаға алынбауы және сілтемелердің болмауы (мұндай жағдайда дәйексөздер «плагиат» деп саналады).

12. Қорытынды ережелер

12.1. Кодексте Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында академиялық адалдық саясатын жүзеге асыру нормалары, сондай-ақ академиялық адалдықты бұзушылықтың алдын алуды реттеу, басқару іс-шаралары ұсынылған.

12.2. Академиялық адалдық Кодексі ережелерін білмей, ереже бұзған тұлғалар жауапкершіліктен босатылмайды.

12.3. Аталмыш Кодекс бекітілген күннен бастап күшіне енеді және арнайы бұйрық бойынша немесе академияның өкілетті лауазымдық тұлғаларының нұсқауы бойынша күшін жойғанға дейін әрекет етеді.

13. Өзгерістер

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025
		13.02.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 13-15

13.1. Әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер еңгізу академия стандартына сәйкес жүргізілуі және «өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

14. Келісу, сақтау және тарату

14.1 Білім алушылардың ар-намыс кодексінің жобасын келісу «келісу парағында» жүзеге асырылады және рәсімделеді.

14.2 Түпнұсқаны Сапаны Камтамасыз ету және Аккредиттеу бөліміне беру үшін тәрбие жұмысы және әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясатын жөніндегі бөлім жауапты.

14.3 Білім алушының ар-намыс Кодексінің түпнұсқасын сақтау және есепке алынған жұмыс даналарын обоненттерге тарату жауапкершілігі Сапаны Камтамасыз ету және Аккредиттеу бөліміне жүктеледі.

Әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар
саясаты жөніндегі бөлім басшысы



Е.Скаков

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025
		13.02.2025 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 14-15

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі бөлім басшысы		Скаков Е.Ж.
Келісілді:		
Персоналды басқару бөлімінің басшысы		Кайранова Г.Ж.
Стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.
Заң бөлімінің басшысы		Тлегенова О.К.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.12-2025
		13.02.2025 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 15-15

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Бөлімше	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				